

Кездесуге қатысқан қонақтарға, оқушыларға ақын өзінің ыстық лебізін білдіріп, домбырамен қонақтарға өлең айтып берді. Ақын Марат Қабижанұлы кітапханаға шығармашылығындағы кітаптарын сыйға табыс етті. Шара соңында залдағы қатысушыларға, оқырмандарға арнап ақын өз батасын берді.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында кітапхана ісі бойынша жоспарланған шаралар орындалды. Кітапханаға келушілер саны өткен оқу жылымен салыстырғанда - 4 пайызға, оқырман саны- 17 пайызға өсті. Оқулықтармен толық 100 пайызға қамтылды. Оқушылар кітапханамен тығыз жұмыс жасады және маңызды мәліметтер алып өздерінің ойлау қабілеттерін жетілдіріп, үйренуге деген құлшыныстарын артты.

Алдағы уақытта оқушылардың танымдық ойын дамытуға, көркем әдебиетке деген ынтасын, қызығушылығын арттыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жыл 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбесін бекіту» туралы 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 179 бұйрығының негізінде мектеп кітапханасы оқулықтармен қамтамасыз етілді.

2022-2023 оқу жылында оқу үдерісін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 179 жүзеге асыру жоспарлануда.

2022-2023 оқу жылында жоғарыда аталған бұйрықпен пайдалануға ұсынылатын оқулықтар көрсетілген № 1 қосымшаға сәйкес орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың тізбесі бекітілді.

Талқылаудан кейін төменде көрсетілген оқулықтарды 2022-2023 оқу жылында пайдалану туралы шешім қабылданды.

Р/с	Баспасы	Оқулықтардың атауы
1.	Алматы «Атамұра»	Қазақстан тарихы, русский язык, русская литература, биология, қазақ тілі
2.	Алматы «Мектеп»	Қазақстан географиясы, физика, химия, дүние жүзі тарихы, құқық негіздері, қазақ тілі мен әдебиет география, русский язык и литература
3.	«Арман ПВ»	Информатика
4.	«Көкжиек-Горизонт»	Қазақ тілі - 7 класс, Қазақ тілі мен әдебиет - 9 класс
5.	«Келешек-2030»	Алгебра, геометрия
6.	«Express Publishing»	Ағылшын тілі

Мектеп директоры

Е.Еумарова

Кітапханашы

Б.Жаксыбаева

